

Аудиторлық тексерулерді жоспарлау

Аудиторлық іс-шараны ұйымдастыру әрқайсысы белгілі бір міндеттердің орындалуымен сипатталатын мынадай кезеңдерді қамтиды:

- 1) дайындық;
- 2) негізгі;
- 3) қорытынды.

Аудит жүргізудің дайындық кезеңі мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу, аудит жоспарын және бағдарламасын, аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырманы (бұдан әрі – аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырма), аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізуге арналған тапсырманы (Тексеруді тағайындау туралы акт) (бұдан әрі – аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған тапсырманы), тексеруді тағайындау туралы актісі болып табылады.

Жекелеген мемлекеттік аудитті жоспарлау кезінде Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 97-бабына сәйкес жүргізілетін ағымдағы бақылау нәтижелері ескеріледі.

Ішкі мемлекеттік аудит жүргізудің негізгі кезеңі аудиторлық іс-шараны жүргізу болып табылады.

Ішкі мемлекеттік аудит жүргізудің қорытынды кезеңі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша шешім қабылдау және құжаттарды жасау болып табылады.

Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу

Мемлекеттік аудит объектісінің қызметін алдын ала зерделеу аудиторлық іс-шарамен қамтылатын қаражат пен активтердің көлемін, мемлекеттік аудит жүргізу мерзімін нақтылау, мемлекеттік аудит мәселелерін айқындау үшін жүргізіледі.

Аудит түріне және аудиторлық іс-шара мақсаттарына қарай мемлекеттік аудит объектісінің қызметі туралы ақпаратты талдау және бағалау негізінде алдын ала бағалау барысында мынадай көрсеткіштер ескеріледі:

1) тәуекелдердің болуы және дәрежесі – тексерілетін салада және (немесе) мемлекеттік аудит объектісінің қызметінде бюджет қаражатын және активтерді қалыптастыру мен пайдалану кезінде мемлекеттік органның өз мақсаттарына қол жеткізуіне әсер ететін қандай да бір факторларды (әрекеттерді немесе оқиғаларды) айқындау және болуын растау;

2) мемлекеттік аудит объектісін тиімді басқаруға қол жеткізу үшін мемлекеттік аудит объектісінің басшысы қабылдайтын шаралар мен рәсімдер жүйесінің (ішкі бақылау жүйесі) мемлекеттік аудит объектісінде болуы және оның ахуалы – Заңда көзделген ішкі бақылау жүйесін және оның құрауыштарын ұйымдастыру тиімділігін алдын ала талдауды және оның дәрежесін бағалауды жүргізу, оның нәтижелері бойынша ішкі бақылау жүйесінің қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз ету жүйесінің қабілеті айқындалады;

3) мәнділік – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының, оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқу, сондай-ақ ең жоғары жол берілетін мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер.

Мәнділік және аудиторлық тәуекел көрсеткіштерінің есебі стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Жиналатын ақпарат мемлекеттік аудит объектілерінің қызметін нормативтік құқықтық реттеу, оның ұйымдық құрылымы, мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері, олардың есептілік тетіктері және ішкі бақылаудың бар жүйелері, бар тәуекелдер және ішкі мемлекеттік аудит мақсаттары үшін қажет өзге мәселелер жөніндегі деректерді қамтиды.

Ақпарат көздері:

1) алдыңғы, оның ішінде басқа мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары тексерулерінің нәтижелері мен материалдары;

2) бюджет процесіне қатысушылар есептерінің материалдары;

3) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйелерінің деректері;

4) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары үйлестіру кеңесі отырыстарының материалдары;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және өзге атқарушы билік органдары отырыстарының материалдары;

6) Қазақстан Республикасының өкілді және атқарушы билік органдарының өтініштері;

7) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының өтініштері;

8) бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары;

9) жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

10) ақша қаражат қозғалысы туралы деректер;

11) Қазақстан Республикасының сот органдарының электрондық сервисінен ақпарат;

12) өзге көздер болуы мүмкін.

28. Мемлекеттік аудит тобы аудиторлық іс-шараға дайындық кезеңінде:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік аудит объектісінің қызметін алдын ала зерделеу барысында уәкілетті органмен және оның аумақтық бөлімшелерімен Болжамды мәселелер тізбесіне сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің қызметін алдын ала зерделеу үшін ақпарат көздерін талдауды жүргізеді;

2) қолжетімді көздерден, Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі бірыңғай дерекқордан ақпарат жинақтауды жүзеге асырады және мемлекеттік аудит объектісін алдын ала зерделеу үшін қосымша мәліметтер, ақпараттар, құжаттар (материалдар) сұратады. Осы Қағидалардың [25](#), [26](#) және [27-тармақтарында](#) көрсетілген, мемлекеттік аудит объектісінің бюджет қаражатын және ішкі активтерді қалыптастыруын және пайдалануын сипаттайтын ақпараттар мен көрсеткіштердің жиынтығын талдау және бағалау нәтижелері бойынша уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері:

1) аудиторлық іс-шара барысында қамтуға жататын мәселелерді мемлекеттік аудиторлар арасында, бірлескен және қатар тексеру жүргізген жағдайда – мемлекеттік органдар мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары арасында бөледі;

2) үстеме тексеру объектілерін айқындайды;

3) мемлекеттік аудит жүргізуге тартылатын сарапшыларды және оларға тапсыру үшін жоспарланатын мемлекеттік аудиттің нақты мәселелерін айқындайды;

4) режимдік объектілерде мемлекеттік аудит жүргізген жағдайда рұқсаттар алу мәселелерін пысықтайды.

3-параграф. Аудит жоспарын және бағдарламасын, аудиторлық тапсырма мен нұсқауларды жасау

30. Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу негізінде уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері аудит объектісінде аудиторлық іс-шараны жүргізіп бастағанға дейін аудит жоспары мен бағдарламасы, аудиторлық іс-шара жүргізуге аудиторлық нұсқаулар мен тапсырма жасалады.

Екі және одан көп мемлекеттік аудит объектілері аудиторлық іс-шарамен қамтылуға жататын болған жағдайда мемлекеттік аудит тобының жетекшісі аудит жоспарын осы Қағидаларға [2-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша жасайды және аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғамен бекітіледі.

Аудит бағдарламасын ішкі мемлекеттік аудит тобының жетекшісі немесе мемлекеттік аудитор осы Қағидаларға [3-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша жасайды және оны аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлға бекітеді.

Аудиторлық тапсырма аудиторлық іс-шараны екі және одан да көп қатысушы жүргізген жағдайда осы Қағидаларға [4-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша жасалады, оған мемлекеттік аудит тобының барлық мүшелері қол қояды және оны мемлекеттік аудит тобының жетекшісі бекітеді.

Аудиторлық іс-шара (үстеме, бірлескен, қатар тексерулер) жүргізуге нұсқау аудиторлық іс-шара, үстеме, бірлескен, қатар тексерулер жүргізуге құқық беретін ресми құжат болып табылады және қатаң есептілік бланкісінде осы Қағидаларға [5-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Аудиторлық іс-шара жүргізуге нұсқау мемлекеттік аудитормен немесе мемлекеттік аудит тобының жетекшісімен жасалады, аудиторлық іс-шараны

жүргізуге жауапты тұлғамен келісіледі және уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшелерінің басшысы қолы қойылады.

31. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғалар аудиторлық іс-шараға шыққанға дейін (негізгі кезең) мемлекеттік аудит тобының қатысушыларымен техникалық оқыту (нұсқамалық) жүргізеді.

32. Аудит бағдарламасы мемлекеттік аудит көрсеткіштерін және әрбір көрсеткішке аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатар тексерулер) егжей-тегжейлі мәселелерін қамтиды.

Аудит бағдарламасы қисынды, түсінікті болып табылады, сондай-ақ аудиторлық іс-шараның қойылған мақсаттарына қол жеткізуге бағытталады.

Қаржылық есептілік аудитінің бағдарламасы елеулілік және аудиторлық тәуекел есептеуінің негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 272 [бұйрығымен](#) бекітілген "Қаржылық есептілік аудиті" рәсімдік стандартында көзделген тәртіпте жасалады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15209 болып тіркелген).

33. Сәйкестік аудиттің бағдарламасын жасау кезінде мемлекеттік аудит объектісінің қызметін реттейтін және регламенттейтін мемлекеттік аудит объектісінің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, нормативтік құқықтық актілердің, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілерінің ережелерін сақтау мәселелері көрсетіледі.

34. Қаржылық есептілік аудитінің бағдарламасын жасау кезінде уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау толықтығы мен дұрыстығы мәселелерін қамтығаны жөн.

35. Аудиторлық тапсырмада аудиторлық іс-шара барысында қамтуға жататын нақты бағдарламалық мәселелер, әрбір мемлекеттік аудит объектісінде аудит тобының қатысушылары арасында бөлінетін оларды қарау мерзімдері қамтылады.

36. Уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері аудиторлық іс-шара жүргізуге нұсқаулар бойынша жеке тіркеу журналын жүргізеді, онда нұсқаудың нөмірі мен тіркелген күні, аудит объектісінің атауы, аудит түрі, аудит тобы басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), оның ішінде Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі (бұдан әрі – ЭҚАБЖ) арқылы көрсетіледі.

37. Уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері аудиторлық іс-шара жүргізуге нұсқауды құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 13 [бұйрығымен](#) бекітілген тексеруді тағайындау туралы актілерді, тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, оның мерзімдерін ұзарту туралы, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру мен оның нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну туралы

хабарламаларды тіркеу қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13171 болып тіркелген) көзделген тәртіпте тіркейді.

4-параграф. Аудиторлық іс-шараны жүргізу

38. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге нұсқау аудиторлық іс-шараны жүргізу үшін негіз болып табылады.

39. Мемлекеттік аудиттің әрбір объектісіне аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған жеке нұсқау ресімделеді.

Аудиторлық іс-шараны жүргізуді бастамастан бұрын мемлекеттік аудит объектісінің басшысына немесе оны алмастыратын тұлғаға:

1) аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізуге арналған тапсырма;
2) ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге уәкілетті лауазымды адамдардың қызметтік куәліктері;

3) Нұсқаулықпен белгіленген тәртіппен режимді объектілерге баруға құзыретті органның рұқсаты ұсынылады.

40. Аудиторлық іс-шараны аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған тапсырмада көрсетілген тұлғалар ғана жүзеге асырады.

41. Мемлекеттік аудит объектісінің басшысына немесе лауазымды тұлғасына аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған тапсырманы ұсынған күн аудиторлық іс-шараны жүргізудің басталуы болып табылады.

42. Мемлекеттік аудит объектісінің басшысына немесе аудиторлық іс-шара оған айтылып жүзеге асырылатын лауазымды адамға аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған нұсқау берілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей осы Қағидаларға [6-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша нысан бойынша мемлекеттік аудит тобының жетекшісі немесе мемлекеттік аудитор қол қойған мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпараттарды, құжаттарды (материалдарды) ұсынуы жөніндегі талап тапсырылады.

Қағидалардың осы тармағында көзделген талапқа бөлшек сызығы арқылы аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған нұсқау нөмірі беріледі және көрсетілген талаптың табыс етілген күні көрсетіледі.

Мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды (материалдарды) ұсынуы жөніндегі талаптың бірінші данасы мемлекеттік аудит объектісі басшысына немесе лауазымды тұлғасына қолы қойылып тапсырылады. Қабылданбаған жағдайда мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды (материалдарды) ұсынуы бойынша талап мемлекеттік аудит объектісінің кеңсесі арқылы мемлекеттік аудит (мемлекеттік аудитор) тобының жетекшісіне жіберіледі.

Мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды (материалдарды) ұсынуы бойынша талаптың екінші данасы оның қабылданғаны туралы белгі қойылып, осы Қағидаларға [7-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша ресімделетін аудиторлық есепке және осы Қағидаларға [8-](#)

қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделетін қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке қоса беріледі.

Аудиторлық іс-шараны жүргізген кезде қосымша құжаттарды, материалдарды, ақпаратты алу қажет болған және оларды мемлекеттік аудит объектісіне ұсынуға кедергі болған жағдайда, мемлекеттік аудит тобының жетекшісі немесе мемлекеттік аудитор Қағидалардың осы тармағына сәйкес ресімделетін мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды (материалдарды) ұсынуы жөнінде талап жібереді.

Үстеме тексеру жүргізілген кезде мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды (материалдарды) ұсынуы жөніндегі талап мемлекеттік аудит объектісіне ол үстеме тексеру жүргізуге кедергі келтірген жағдайда ұсынылады.

43. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары мемлекеттік аудит объектісіне кіргізуден бас тартқан және (немесе) аудиторлық іс-шараны жүргізуге кедергі келтірген жағдайларда мемлекеттік аудитор осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік аудит жүргізуге кедергі келтірген фактісі бойынша акті және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексiнiң (бұдан әрi – ӘҚБК) 462-бабы негiзде әкiмшiлiк құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды.

44. Осы Қағидалардың 43-тармағында көзделген жағдайда мемлекеттік аудит тобының жетекшісі электрондық пошта (факс), пошта байланысы арқылы жазбаша және (немесе) қолма-қол осы фактілер туралы оларды жою бойынша шаралар қабылдайтын аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғаны хабардар етеді.

45. Мемлекеттік аудит объектісі мемлекеттік аудитті жүргізуге кедергі келтіретін жағдайларды жоймаған кезде аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлға уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің бірінші басшысына мемлекеттік аудитті жүргізуге кедергі келтіретін себептерді толық жойғанға дейін аудиторлық іс-шараны тоқтата тұру туралы қолдау хат дайындайды.

46. Аудиторлық іс-шараны тоқтата тұру, қайта жаңарту, ішкі мемлекеттік аудит ауқымын, мемлекеттік аудит тобының қатысушыларын (құрамын) өзгерту туралы шешімді уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелерінің басшысы қабылдайды және мемлекеттік аудит объектісі мен құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органды бір мезгілде хабардар ете отырып, ол тиісті актімен ресімделеді.

47. Мемлекеттік аудиторлар мемлекеттік аудит объектісінің ақпараттық стендіне мемлекеттік аудит объектісінде уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері қызметкерлерінің аудиторлық іс-шараны жүргізіп жатқаны туралы ақпаратты орналастырады.

48. Егер мемлекеттік аудит объектісінде уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелерінің аудиторлық іс-шарасымен мақсаты, нысанасы және

аудиторлық іс-шарамен қамтылатын кезең бойынша сәйкес келетін басқа мемлекеттік аудит органының мемлекеттік аудит жүргізу фактісі анықталса, онда мемлекеттік аудит тобының жетекшісі немесе мемлекеттік аудитор мемлекеттік аудит нәтижелерін тану рәсімін Заңның 19-бабының және мемлекеттік аудит нәтижелерін тану жөнінде Республикалық бюджетің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы 31 наурыздағы №5-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13647 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырады.

49. Аудиторлық іс-шара барысында аудит бағдарламасымен қамтылмаған, бірақ аудиторлық іс-шара нысанасын толық зерделеу үшін қажетті мәселелер туындаған кезде мемлекеттік аудитор мемлекеттік аудит тобының жетекшісімен келісу бойынша аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғаны жазбаша түрде хабардар етеді.

Аудит бағдарламасында көзделмеген мәселелер бойынша аудиторлық іс-шараны жүргізудің орындылығы танылған жағдайда аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлға мемлекеттік аудиторға мемлекеттік аудитордың аудиторлық тапсырмасына толықтыру енгізе отырып, тиісті тапсырма береді.

Қосымша мәселелер бойынша материалдарды мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды (материалдарды) ұсынуы бойынша қосымша жіберілген талаптар негізінде мемлекеттік аудит объектісі ұсынады.

50. Мемлекеттік аудитті жүргізу мерзімін ұзарту қажет болған кезде, жүргізу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде бір жұмыс күні қалғанда құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарды хабардар ете отырып, аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғаның жазбаша қолдаухаты бойынша уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері басшысы мерзімді ұзартуы мүмкін.

51. Аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында аудит жоспарына, аудит бағдарламасы мен аудиторлық тапсырмаға өзгерістер енгізу:

аудит жоспары мен бағдарламасына – өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу негіздемесі көрсетілген, аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғаның атына мемлекеттік аудит тобы басшысының қызметтік жазбахаты негізінде;

аудиторлық тапсырмаға – аудит жоспары мен аудит бағдарламасына өзгерістер енгізілген кезде мемлекеттік аудит тобы басшысының атына мемлекеттік аудитордың қызметтік жазбахаты негізінде жүзеге асырылады.

52. Аудиторлық іс-шараны жүргізу кезінде қойылған мақсатқа, нысанасы мен аудиторлық іс-шара мәселелеріне сәйкес аудиторлық дәлелдемелерді қалыптастыру үшін қажетті іс жүзіндегі деректерді жинау, талдау жүргізіледі.

Іс жүзіндегі деректерді жинау мынадай тәсілдермен жүргізіледі:

- 1) бір рет;
- 2) белгілі бір уақыт аралығындағы үздіксіз процесс арқылы;
- 3) аудиторлық іс-шараны жүргізудің бүкіл мерзімі ішінде.

Аудиторлық іс-шара жүргізу барысында жиналған аудиторлық дәлелдемелер мемлекеттік аудит объектісінде анықталған бұзушылықтарын және кемшіліктерін негіздеуі тиіс. Жиналған аудиторлық дәлелдемелер негізінде аудиторлық іс-шара нәтижесі бойынша аудиторлық қорытындыда тұжырымдар мен ұсынымдар қалыптастырылады.

53. Мемлекеттік аудиторлар мемлекеттік аудит объектісінің басшысы уәкілеттік берген адаммен бірлесіп, іс жүзінде тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету тұрғысынан аудиторлық дәлелдемелер жинау және (немесе) олардың шынайылығын растау үшін бақылау өлшемін тексеруді қарап (бұдан әрі – бақылау өлшемі (қарап тексеру) жүргізеді. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізушінің бақылау өлшемінде (қарап тексеруде) қатысуы қажет болған жағдайда оның қатысуын мемлекеттік аудит объектісінің басшысы немесе оның міндеттерін атқарушы тұлға қамтамасыз етеді.

54. Бақылау өлшемі (қарап тексеру) қорытындылары бойынша осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада күні, орны, мақсаты, нәтижелері мен оны жүргізуге қатысқан тұлғаларды көрсете отырып, оған аяқталу күніне қарай қол қойылады. Қол қойылған актінің бір данасы мемлекеттік аудиторда қалады, ал екінші дана мемлекеттік аудит объектісіне беріледі. Бақылау өлшемі (қарап тексеру) нәтижелерін мемлекеттік аудитор мемлекеттік аудит объектісінде жасалатын аудиторлық есепте немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепте міндетті түрде көрсетеді.

55. Бақылау өлшемін (қарап тексеру) жүргізуге қатысқан тұлғалар оның актісіне қол қоюдан бас тартқан жағдайда мемлекеттік аудитор бақылау өлшемі (қарап тексеру) актісінде қол қоюдан бас тарту туралы белгі қояды. Жүргізілген бақылау өлшемін растайтын нәтижелерге тиісті негіздемелер (аудиторлық дәлелдемелер) болған кезде бақылау өлшемі (қарап тексеру) актісіне қол қоюдан бас тарту өлшем (қарап тексеру) нәтижелерін аудиторлық есепке немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке енгізбеу үшін негіз болып табылмайды.